

Егемен Қазақстан

Егемен.kz

**Түркі дүниесін біріктіретін – рухани
күндылық
– дейді Түркі академиясының президенті
Шәкір Ыбыраев**



-Шәкір Ыбырайұлы, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қолдауымен ашылып, жұмыс істеп жатқан академия өткен екі-үш жыл ішінде қандай игі істер атқарды десек, берер жауабыңыз қалай болар екен?

– Түркі академиясының ұйтқысы да, ұйымдастырушысы да – Қазақстан Президенті. Ғылым ордасы құрылғаннан кейін дүние жүзіндегі атақты түркітанушылардың аты-жөнін, олардың мекенжайын анықтау жұмысын бастады, ғалымдар туралы ақпарат беретін жүйеленген тізім жасауға кірісті. Сөйтіп, академия ғалымдармен тығыз шығармашылық қарым-қатынас орнатуды қолға алды. Қазіргі кезде әлемдегі белгілі түркологиялық орталықтармен және үлкен түркітанушы ғалымдардың көбіменен академия байланыс орнатты. Бұл жағдай, біріншіден, академияны шетелге танытуға, оның халықаралық ғылыми ұйым екендігін көрсетуге бағытталса, екіншіден, олардың қандай жұмыс істеп, немен айналысып жатқандығы туралы ғылыми ақпараттарды жинақтау болып табылады. Осының нәтижесінде, соңғы екі жылдан бері Түркі академиясы дүние жүзіндегі белгілі түркітанушы ғалымдарды ғылыми жобаларға тартып, солармен бірлесіп жиырмадан астам түбегейлі ірі тақырыптардың төңірегінде зерттеулер жүргізіп жатыр.

Қазіргі кезде қоғамдық-гуманитарлық пәндердің барлық салаларынан, атап айтқанда: тарих, этнография, тіл, әдебиет, фольклор, мәдениет, өнер, философия, дін, экономика мәселелері бойынша Түркі академиясы қырыққа тарта ғылыми-зерттеу еңбекті жарыққа шығарды. Олар бірнеше тізбелі, сериялы басылым ретінде жарық көрді. Атап айтқанда, «Қазіргі түркология», «Түркі оқулықтары», «Түркі сөздіктері», «Түркі ғалымдарының биобиблиографиясы» және «Түркі дүниесі» халықаралық альманахы мен «Асыл мұра» түркі антологиясы. Бұл еңбектердің барлығы, негізінен алғанда, Түркі кеңесіне мүше төрт мемлекеттің тілдерінде, сондай-ақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көрді.

2011 жылы Алматыда өткен Түркі кеңесі Бірінші Саммитінің нәтижесі бойынша Түркі академиясына түркі альманахын және түркі халықтарының асыл мұраларын қамтитын антологияны шығару міндеті қойылды. Осы міндетті абыроймен атқарып, өткен жылы альманах пен антологияның алғашқы сандарын баспадан шығардық. Биылғы жылы түркі антологиясы түркілік тәрбие мәселесіне арналды. Қазақ, әзербайжан, түрік, татар, өзбек, қырғыз халықтарының тәрбиеге қатысты фольклорлық мұрасындағы және көрнекті ойшылдарының, қаламгерлерінің шығармаларындағы үзінділерді көлемі бір мың беттен асатын үлкен кітапқа жинадық. Түркі тәрбиесіне байланысты мұндай ауқымды жұмыс бұрын-соңды болмаған еді. Осылайша, түркі өркениетіне, түркі өнеріне, түркі әдебиетіне, түркілердің көшпелі және отырықшы қала мәдениетіне арналған антологиялар келешекте де жарық көреді деп жоспарлап отырмыз.

Осы жылғы альманахқа дүниежүзінің түкпір-түкпірінен қазақ, қырғыз, өзбек, түрік, түркімен, әзербайжан, ағылшын, орыс тілдерінде түркілік мәдениетті айшық тап көрсететін үлкен-үлкен ғылыми мақалалар, қымбат деректер жиналды. Бұлардың бәрі түркілік рухты, түркілік дүниетанымды айшықтап тұратындай әсем безендірілді. Биылғы альманах түркілік интеграциялық үдерістер, түркі тұлғалары, түркология ғылымындағы айтулы жаңалықтар, түркі мифтері, түркілердің жылқы мәдениеті, түркілердің музейлік мұрасы, түркі академиясының ғылыми экспедициялары сынды тақырыптарға арналды. Жалпы альманах айдарлары жылда өзгеріп отыратындығын ескерткіміз келеді. –

Академия құрылған күннен бас тап «Алтаистика және түркология» халықаралық журналын шығарып келеді. Жылына төрт саны шығатын басылым қазақ, ағылшын, түрік, орыс тілдерінде жарық көреді. Онда алтаистика және түркология ғылымдарының соңғы жетістіктері жарияланады. Авторлары – отандық және шетелдік белгілі түркітанушы ғалымдар және осы ғылым саласында қаламын ұштап келе жатқан талапты жас мамандар. Біз бұлайша аты әлемге әйгілі үлкен ғалымдармен қатар, жас ізденушілердің зерттеулерін бір журналда жариялау арқылы түркология ғылымында тәжірибе алмасудың, дәстүр жалғастығының, болашақта осы саланы ілгері алып жүретін мамандардың бар екендігін

көрсеткіміз келеді. Мұның сыртында академия түркология ғылымындағы соны табыстардың басын біріктіретін көлемі екі баспа табақтан кем емес тезистердің ғылыми жинағын «Түркологиялық зерттеулер» деген айдармен жарыққа шығаруды да қолға алып отыр. Аталған жинақтың алғашқысы былтыр баспа бетін көрсе, биылғы кітап жыл аяғына дейін оқырман қолына тиеді деп үміттенеміз. Бұл – атқарылып отырған ғылыми жұмыстардың нақты нәтижелері.

– Бұл басылымдарды тарату жағы қалай іске асып жатыр?

– Түркі академиясынан жарық көрген ғылыми еңбектер, альманах пен антология алдымен еліміздегі үлкен кітапханаларға, облыс орталықтарындағы жоғары оқу орындарының кітапханаларына, гуманитарлық бағыттағы ғылыми-зерттеу орталықтарына жеткізіледі. Одан кейін түркі мемлекеттерінің және дүниежүзінің түркологиялық бағытта зерттеулер жүргізетін белгілі жоғары оқу орындарына, ғылыми-зерттеу орталықтарына арнайы жіберілді. Қазір академияның атына жер-жерден алғыс хаттар келіп, Қазақстанда құрылған түркологиялық зерттеу орталығына табыс тілеуде.

Сонымен бірге, Түркі академиясы түркітанушы ғалымдардың дүниежүзінде қандай зерттеулер жүргізіп, қандай бағытта үлкен нәтижелерге жеткендігін жинақтап отырады. Бұған қоса, түркі халықтарының тілдік, лингвистикалық сөздік қорын түгендеу мақсатында соның базасын жасау да бастады. Түркі халықтарында бұрын-соңды шыққан, жалпы түркологияда дүние жүзінде жарық көрген зерттеу еңбектердің барлығының библиографиясын жасау мақсатында қазір үлкен 3 том еңбекті даярлап, баспаға бергелі отырмыз. Бұл – түркология саласында нелер істеліп, нелер қойды деген мәселелерді алдымен нақтылап, түгендеп алу үшін керек.

Биылғы жылы академия құрылған күннен бастап бірге жұмыс істеп келе жатқан көрнекті ғалымдар: Ресей Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі А.Дыбонның, әйгілі шығыстанушы Д.Васильевтің, Татарстан Ғылым академиясының академигі М.Закиевтің, Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясының жетекші ғылыми қызметкері, сақ, скиф дәуірінің танымал маманы З.Гасановтың еңбектерін де баспадан шығаруды жоспарладық.

Халықаралық деңгейде тәжірибе, ақпарат алмасу мақсатында академия шетелдің белгілі түркологиялық орталықтарымен, жоғары оқу орындарымен, баспаларымен ынтымақтастық жөнінде келісімдерге қол қойды. Осындай келісім үстіміздегі жылы Ресейдегі «Шығыс әдебиеті» баспасымен жасалды. Соның нәтижесінде «Шығыс әдебиеті» баспасынан соңғы жылдарда жарық көрген ғылыми, танымдық кітаптар, түркологиялық бағытындағы зерттеулер Түркі академиясының кітапханасына жеткізілді. Өз кезегінде біз де баспадан шығарған туындыларымызды мәскеулік әріптестерімізге тарту еттік.

Түркі академиясы туралы жан-жақты мәліметті оның ресми сайтынан алуға болады. Сайт төрт яғни қазақ, орыс, түрік, ағылшын тілдерінде ақпарат береді.

– Түркі академиясы – дүниежүзіндегі түркологиялық жұмыстарды үйлестіріп, оның жеткен нәтижелерін қорытындылап, алдағы істейтін жұмыстарын бағамдап отыратын құрылым дейсіз ғой. Түркі дүниесі түгел бол дегенді жиі айтамыз. Осының ғылыми негізін қалыптастыру жайы қалай жүріп жатыр?

– Ауқымды сұрақ қойып отырсыз. Бұл түркі халықтары рухани, мәдени жағынан бірлесу керек, жақын болу керек деген сөз деп білемін. XIX ғасырдың соңында орын алған «түрікшілдерден» XX ғасырдың басындағы оянған түркі халықтарының үлкен ғалымдарының айтқан пікірлерінен XXI ғасырдың табалдырығын аттап отырған біздің қазіргі жағдайымызда бірқатар үлкен айырмашылық бар. Ол айырмашылық – сөз жоқ, біздің одан бері дамыған тарихымыз, өміріміздегі болып жатқан түрлі өзгерістер. Олар бұл сұраққа сол заман тұрғысынан бір өзгертулерін, түзетулерін қосты. Қазіргі жағдайда әлемде түрлі интеграциялық ықпалдастық үдерістер жүріп жатыр. Оның ар жағында үлкен жаһандану мәселесі тұр. Олар – қазіргі кезде бүкіл түркі және дүниежүзі халықтарының бүгінгі өміріне дендеп еніп жатқан ұғымдар, үдерістер. Сұрақ жауабын осының аясында қарауымыз керек.

Осы тұрғыдан келетін болсақ, «Түркі дүниесі түгел бол» дегенді барлығы бірлесіп, бір мемлекет құрып, бір тілде сөйлеп, бір ұлт болып кету керек деп түсінбеуіміз керек. Бұл – үстірт ұғым. Мұның ешқандай теориялық та, практикалық та негізі жоқ. Бұл – әншейін утопия болып шығады. Осы жердегі мақсат мынау: түркі халықтарының арасындағы мәдени-ақпараттық алмасулар, экономикалық, саяси қарымқатынастар тығыз жүріп жатқан болса, бұдан түркі дүниесі ұтады. Қай мағынада ұтады? Біріншіден, біз өзіміздің үлкен әлемдік тарихтан алатын түркілік тарихымызды тұтастай бағамдауға мүмкіндік туады. Екіншіден, ортақ тарихи мұрамызды насихаттауға, соның негізінде келешек ұрпағымызды тәрбиелеуге жол ашылады. Түркі халықтарының арасындағы ақпараттық алыс-берістердің барлығы да жақсы жолға қойылатын болса, өзіміздің бүкіл өткен тарихымызды да, бүгінгі жағдайымызды да бағамдап отыруымызға, соның барлығын өзіміз зерделеуімізге болады. Түркі халықтары қазіргі кезде бірбірімен рухани жақын болатын болса, сырттан төніп тұрған үлкен жаһандану залалы, жалпы ұлттың өзін өзі жоғалтып алу, рухани мәдениетінен ажырап қалу деген сияқты қауіп азаяды. Біз адамзат тарихында ешбір мемлекеттен, этностан, халықтан кем емес, өзіне тән өркениеті, мәдениеті бар екенімізді сеземіз.

– Кейбір оқымыстылар түркі халықтарының түп тамыры бір дегенге күдікпен қарайтын сияқты. Бұған сіздің байламыңыз қандай?

– Иә, ғылым болған соң, әркімнің әртүрлі көзқараста болуы заңды. Оған түрлі себептер бар. Өйткені, әркім әртүрлі деректерді пайдаланады. Әлемде кейбір дерек бойынша – 250, өзге бір мәліметтерде – 200 миллион түркі халықтары бар делінеді. Олар ана жақтан, мына жақтан жиналған бір құранды халық, бір-біріне тілдік, басқа даму жолдарымен ықпал етуі арқылы осындай үлкен этносқа айналды деп дәлелдеу үшін өте мықты деректер керек. Мұны бірер фактының негізінде айта салуға болмайды. Сондықтан түп тамыры бір дегенге күдікпен қарау әзірге болғанымен, бұл – дәлелденбеген нәрсе. Дәлелденбегені – бұл түркі халықтарының бірі сонау Сібірде, Солтүстік Қиыр Шығыста – Якутияда, екінші саласы Батыс Еуропа мен Шығыс Еуропаға дейінгі аралықты мекендеп жатыр. Қуатты түп негізі болмаса, осыншама территорияға таралған халықтардың барлығы да бір-біріне тек тіл, мәдениет арқылы әсер етті деп дәлелдеу мүмкін емес. Ресейлік ғалым С.Кляшторный түркі халықтары бір негізден шықпаған дейді. Бірақ мұндай пікір аса көп емес. Ал түркітанушы ғалымдардың бәрі дерлік түркі халықтары о баста бір негізден, бір түп тамырдан тарағандығына күмән келтірмейді. Мен де ғалым ретінде осы екінші пікірді қолдаймын. Біз тілдік фактілерді, әсіресе, тілдің этимологиясын зерттеу барысында бұған көзімізді анық жеткізіп отырмыз.

– Жаһандану табалдырықтан әлі аттамағандай көрінгенмен, кейбір жағдайларда төріміздің төбесінде отыр десек, сіз бұған қандай қарсы пікір, не рас деген уәж білдірер едіңіз?

– Жаһандану дегенді теориялық тұрғыдан айттық. Бірақ ол шындығында біздің өмірімізге кіре бастады. Бүкіл әлемдегі барлық халықтардың қазіргі кездегі жүріс-тұрысы, ақпараттық алмасулары, көретін фильмдері, жейтін тамағы, киетін киімі – қысқасы бәрі-бәрі бір тектес, бір бағытпен келе жатыр. Осы жағдайды біз жаһанданудың тікелей жемісі деп ұғуымыз керек. Мұны бізге біреу басқа бір жақтан әкеліп беріп жатқан жоқ. ХХІ ғасырдағы қалыптасқан үдеріс бойынша жүріп жатырмыз. Демек, біз қалай болғанда да киім кисек те, тамақ ішсек те, белгілі бір нәрсе туралы ойласақ та бәрінде де ұжымдасып, көпшілік болып жасаған белгілі бір нәтижелерге сүйеніп әрекет етеміз. Даяр қалыптарға кіреміз. Сол қалыптар, даяр нәтижелер кімдікі? Америкалықтардікі ме? Франциялықтардікі ме? Еуропалықтардікі ме? Азиялықтардікі ме деген сауал туған кезде ол әрбір елге жақын болып шығады.

Қазіргі көптеген біздің осы өмірімізге кіріп кеткен тамақ ішу үрдістеріміз де, бірқатар киім кию үлгіміз де Еуропа, Американың салты, әдет-ғұрпы, солардың жүріс-тұрысы біздің өмірімізге деңдеп кіріп кетті. Демек, жаһандану дәуіріндегі біздің әлгі қолданып жатқан әдеттеріміз, ғұрыптарымыз материалдық игіліктеріміздің, жүріс-

тұрысымыздың реті кімнің мәдениеті үстемдеу болса, адамдар соны ұстанады. Ендеше, біз, түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы үлкен этностардың жасаған нәрсесін тек пайдаланушы, тұтынушы емес, керісінше, біз де оған өзіміздің әдетімізбенен, ғұрпымызбенен, машығымызбенен, дағдымызбенен кіруіміз керек. Сонда адамдар ұлттық ғұрпымен, дағдысымен өмір сүреді. Сол дағдыға біз де өз үлесімізді қосуымыз керек. Оған қосудың бірден-бір жолы – бірігу. Жалғыз қазақ болып, жалғыз өзбек болып, жалғыз түркімен болып қосылу өте қиын. Олай да болатын шығар, бірақ бұл өте қиын шаруа. Ал жалпы түркілер болып біріксек, осындай жаһандануға қарсы тұра аламыз және өзіміздің ұлттық бет-бейнемізді мейлінше сақтап қалуға мүмкіндік аламыз. Соның нәтижесінде ғана біз елеулі дәрежеде, өзіміздің үлестерімізді әлемдік үдерістерден көретін боламыз.

– Түркі академиясы болған соң, түркі мемлекеттеріне ортақ руханияттар зерттеліп зерделенетіні белгілі. Бұл тұрғыдан келгенде тәуелсіздігін алған мемлекеттер мен Түркия Республикасы арасындағы қарым-қатынас қалай дамып жатыр?

– Тәуелсіздік алғаннан кейін түркі мемлекеттерінің арасындағы қарымқатынас өте керемет, үлкен деңгейде дамып кетті деп айтуға әлі ертерек. Бірақ осылардың ішінде қазір төрт мемлекет түркі халықтарының ортақ кеңесін құрып, жыл сайын саммитін өткізіп, мүмкін болғанша саяси, мәдени, экономикалық іс-шараларда бір ортақ шешімдерге келуге мейлінше ұмтылды және оның нақты нәтижелері де бар. Сол нақты нәтижелерінің бірі – ТҮРКСОЙ құрылымының болуы. Ол – түркі халықтарының мәдениетін, рухани дүниесін ортақ зерттейтін, насихаттайтын үлкен мекеме. Түркі халықтарының ортақ парламенттік ассамблеясы – ТүркПа құрылымы жұмысын бастады. Түркі кеңесінің жұмысын жүргізіп отыратын хатшылығы және осы Түркі Кеңесінің органы болуға тиісті Түркі академиясы түркі халықтардың арасындағы руханият мәселесін зерделейтін, бірден-бір соның нәтижесін шығарып, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктеріміздің барлығын қорытындылап, алдағы міндеттерді белгілеп отыратын осындай құрылым болуға тиісті.

– Ендігі бір үлкен мәселе, өз Отанымыздың латын әріпіне көшу мәселесіне ойыссақ. Қазір бұл туралы әр алуан пікірлер бар. Ең негізгі түйінді әңгімені ғалымдар айтуы тиіс. Жасыратыны жоқ, біраз түркі бауырларымыз бұл қаріпке көшті. Оның алғашқы қадамы басталған тұста біздің елден Ә.Қайдариді бастаған оқымыстылар да атсалысқан еді. Елбасының тапсырмасынан кейін латын қаріпіне автор болуға тырысып, мақалалар жазып, әріп құрастырушылар көбейіп кетті. Осыны алқалы отырыста ұлтқа керек, жұртқа қажет деп бір түйінді пікірге келу мәселесін шешу жолы қайсы? Мүмкін Түркі академиясы осыған ұйытқы болатын шығар?

– Латын әліпбиіне көшу туралы мәселені Елбасымыз 2025 жылға белгіледі. Бұл – өте тамаша ойластырылған меже. Неге десек, оған дейін Қазақстан халқының 95%-ы мемлекеттік тілге көшеді. Көшіп болғаннан кейін барып латын әліпбиіне өту мәселесі бірлікте қаралатын ұғым. Ал оған дейін біздің айтып жүретін әңгімеміздің тақырыбы тек қана даярлық мәселесі әліпби үлгісі туралы ғана сөз болуы мүмкін.

Елдік іске пікір айту дұрыс. Пікірлердің көп айтылатын себебі мынау, біз қазір қолданып жүрген кирилл әліпбиіндегі таңбаларды латын әліпбиіне ауыстырсақ, біз латынға көшкен болып есептелеміз. Сонда көптеген кирилдегі таңбаны латынмен ауыстырсақ, мәселені сонда таңбадан-таңбаға ауыстырып көше салу деп ұғады көбі. Осыған байланысты болу керек, әліпбидің үлгісін ұсынатын адамдар да, ғалымдар да көбейіп кетті. Ғалымдар тек қана тілшілер емес, олар техника саласының мамандары да, журналистер де, тарихшылар да, әдебиетшілер де – бұл мәселеге барлық саланың адамдары өзінің пікірін білдіруде. Бірақ қанша жерден сондай үлкен талас-тартыс болғанымен, қанша жерден түрлі пікірлер ұсынылғанымен басты мәселелерді біз ескеруіміз керек. Біріншіден – қабылданатын латын әліпбиі Қазақстанда тұратын тек қана қазақ халқын емес, қазақ тілін оқитын, үйренетін, қазақ тілін білмейтін адамдарға да қолайлы болуы керек. Екінші – шарты, бұл жазу осы күнге дейінгі латын әліпбиін

қолданып келе жатқан түркі халықтарындағы кейбір кеткен кемшіліктерді, қателіктерді қайталамауға, олардың тәжірибесін мейлінше ескеруге тиісті. Үшіншіден – бұл тек қана таңба ауыстыру емес, мұны ауыстырған жағдайда экономикалық жағдайды ескеруіміз керек. Біздің өткен мұраларымызды қазіргі латын әліпбиіне көшіру мәселелері, халықтың әртүрлі деңгейіндегі мектеп оқушысынан бастап, орта жастағы, жалпы Қазақстан халқының жас ерекшеліктері, оның кәсібі – осының барлығы да қай кезде, қандай дәрежеде олар өте алады, жаңа әліпбиді қалай игере алады деген мәселелердің бәрі де ғылыми талдаудан өтуі керек.

Қай кезден бастап бүкіл газеттер латын әліпбиінде шығады? Айталық, ол газеттерді оқитындар Қазақстанның қай тобы, қандай кәсіптің иелері, олардың жасы? Қазір жастар аса газет оқымайды. Көбінесе газетті оқитындар орта жастағылар. Біздің 2025 жылға межелеген уақытымыз кең, бірақ біз оған дейін мұны талас-тартысқа, әркімнің пікір-сайысына айналдырып қоймай, үлкен мәселелерде бір шешімге келуіміз керек. Талқылау барысында кейбір азаматтар: «Біз латын әліпбиін қазақ тілінің негізінде қабылдаған кезде компьютердегі бар 26 таңбамызбен ғана шығайық, басқа бір қосымша таңба қоспайық», деген пікір айтады. Бұл пікірдің жанды жағы бар. Кез келген жерде, компьютер қолымызға тигенде біз бұл жүйені қолдануымызға қолайлы жағдай туады. Бұл қолайлы. Бірақ оның қолайсыз жағы да бар. Біз 26 таңбаға сыймайтын, қазақтың өзінің төл тілдік дыбысталу жүйесінің барлығы әлгі компьютер қолданысынан шығып қалады. Оны компьютерге қайта қосу үшін тағы ізденіп, қалыптастырып, сөйтіп барып ереже енгізе аламыз. Бұл арада ереже біреу емес, бірнешеу болып кететін түрі бар. Баяғы 42 таңбаны қабылдаған кирилл әліпбиіне байланысты қаншама тіл заңдылығын қарастырсақ, мұнда да солай болғалы тұр. Себебі, қазақтың өзінің төл дыбысталу жүйесіне тән ә, ө, ү, ұ, і, н, ғ сияқты бірқатар таңбалар компьютерде болмағандықтан, оның бәрі тек ишаратпенен, қостаңбаменен оқыту жүйесіне мәжбүр боламыз. Ал тілді білмейтін адамға осы мен айтып отырған таңбалардың бірде-біреуі таныс болмаған жағдайда біз тек оны ойша үйретеміз деу өте ауыр, көп қиындық тудырады. Менің топшылауымша, аталмыш жобаның бір кемшілігі осында жатқан секілді.

Екінші бір жоба бар. Ол – қазақ тілінің дыбысталу жүйесіне сәйкес таңба жүйесінің қабылдануы. Дыбысталу жүйесіне толық мүмкіндік беретін таңбалармен қабылдау. Мұның жақсы жағы – тілді үйретуге қолайлы, жазуды мектеп жасындағы балалардан бастап меңгеруге, қазақ тілін білмейтін адамдарға да қазақ тілін тездетіп үйретуге бұл өте қолайлы. Оның үстіне түркі бауырларымыз қазақ тілін оқитын болса, біздің сол қабылдаған әліпбиімізге қарап, қазақ тіліндегі мағлұматтарды түсініп, түйсінуге мүмкіндік туар еді.

Мұның сыртында тағы үлкен бір мәселе бар: түркі халықтары ортақ қолданатын әліпби жүйесі. Осы арада бір мәселенің бетін ашып айтқым келеді. Бұл зорлықпен түркі халықтарына таңылып жатқан, болмаса қайтсең де қабылда деп отырған әліпби емес, бұл тек ұсыныс жоба түрінде. Егер ол қабылданған жағдайда біз оны 34 таңба төңірегінде алатын болсақ, өз тілдерімізде жазылған кітаптарды, газеттерді оқуға мүмкіндігіміз болады. Ақпарат алмасу жүйемізге жеңілдік кіреді. Оның үстіне біздің осы күнге дейінгі түркі халықтары бірлесіп жасаған ортақ көне дәуір, орта ғасыр жазба мәдени мұраларымыз бар. Ол мұраны да осындай бір келісілген әліпбимен беретін болсақ, менікі, сенікі демей ортақ мұра ретінде игеруімізге жол ашылар еді. Сондықтан бұл түркі халықтарына ортақ әліпби дегенде біз оны төніп тұрған құбыжық демей, түркі дүниесін жақындататын үрдіс деп қабылдасақ ұтылмаймыз. Бұл тек қана шынайы, осындай бір рухани тұрғыдағы құндылық деп білсек, білімділігімізді көрсетеміз.

– Академияның міндеті ғылымға негізделген рухани дүниелерді үйлестіру десек, бұл тұрғыда атқарған қандай жұмыстарыңыз бар?

– Бұл сұраққа жауапты жоғарыда қысқаша айттым. Дегенмен, қазіргі академияның жүргізіліп жатқан 20-дан астам ғылыми жобаларының барлығында да үйлестіру жұмысы бірінші негізге қойылған. Алдымен мынадан бастайық, ғылыми жобадағы орындаушы

авторлар, орындаушы ғалымдар – әр мемлекеттерден, әр өлкеден, әр жерлерден жиналған дүниежүзіндегі түркітанушылар. Бір ауыз сөзбен айтқанда, олар Еуропадан да бар, Ресейден де, Түркі мемлекеттерінен де, Америкадан да бар. Ал енді осы ғалымдар ғылыми жұмыспен қалай айналысады? Немесе бір тақырыпты біз белгілеп, оны тұтас етіп игеру үшін бірінші кезекте үйлестіру жұмысы қалай жүргізіледі? Ондай үйлестіру жұмысы болмайынша, тұтас бір зерттеу шықпайды. Әр мемлекеттегі ғалымдардың жасап жатқан жұмыстарының басын қоса отырып, үйлестіру жұмысы бір мекемеге, мысалы, Түркі академиясына жүктелсе. Сонда ғана ой ортақ арнада тоғысады. Соның нәтижесін бірге қолдану, бүгінге дейін түркологиядағы жеткен жетістіктерді бәріміз бірлесе отырып қорытындылау, ары қарай не істейтінімізді бірлесіп шешу оң нәтиже береді. Осылай болғанда ғана жұмыстың басы-аяғы жинақталып, оның нәтижесін тек ғалымдар ғана емес, қоғам болып пайдалануға болады. Ұтымды үйлестіру жоқ жерде кімнің не істеп жатқанын, қалай істеп жатқанын, оның нәтижесін кім пайдаланатыны белгісіз болып қала бермек.

– Тәуелсіз елдің тарихын қалыптастыруда, яғни ұлт тарихын жазуда түркі дүниесімен ұштастыра отырып, жүйелеу мәселесі туралы пікіріңізді білсек деп едік? Өйткені, біз осы уақытқа дейін батысқа бет бұрып, Абай айтқан шығы сымыздан қол үзіп қалдық емес пе. Енді сол олқылықты түркі дүниесімен бірлесе отырып, жаңғыртудың жолы қалай болады?

– Қазақ халқының тарихын объективті түрде шын мәнінде әлемдік тарихи үдерістердің контекстінде қарау үшін, біз түркілік тарихқа есік ашуымыз керек. Түркілік тарихтың бүкіл дәстүрін, оның жеткен жетістігін міндетті түрде игеруіміз керек. Онсыз қазақ тарихы ашылмайды деген ұғымдамын. Неге? Себебі, қазақ тарихының кешегісіне үнілетін болсақ, ол – бір жеке дара тұрған тарих емес. Ол түркілік тарихпен бірге өріледі. Бүкіл Азиядағы мемлекеттік құрылымдардың түрлі-түрлі тарихы – жеке қазақтың басындағы тарих емес, ол – түркі халқының басындағы тарих. Бұл түркілік этноспен бізді қоршаған қытай, славян, иран, араб, тағы басқалармен бірге жасалған тарих. Сондықтан ол тарихты шынайы ашу үшін қазақ тарихын объективті, жүйелі, ғылыми тарихқа айналдыру үшін біз міндетті түрде түркі тарихына қарай береміз. Онсыз бізге жеке тарихты шығару қиын.

Орталық Азиядағы біздің тарихымызды, арғы дәуірлерді айтпай-ақ қояйық, тіпті көктүріктердің дәуірін айтпағанның өзінде Алтын орда дәуіріне келсек, қазақ тарихы түркілік тарихтан қалай шет қалады? Алтын Орда тарихы дегеніміздің дені түркілік тарих, одан кейін Ақ Орда, Көк Орда, Ноғайлы Ордасы. Мен Орталық Азияны айтып отырмын. Әмір Темірдің құрған империясы, исламның келуі, исламдық үлкен мәдениеттегі түркі ғалымдарының рөлі. Алгебрадағы Хорезмидің, минерологиядағы, жаратылыстану ғылымдарындағы Бирунидің, философиядағы Әл-Фарабидің рөлі, астрономиядағы Ұлықбектің рөлі – бұдан түркі халқы, оның ішінде қазақ халқы қалай шет қалады? Ендеше, сол кездегі ғылымның, мәдениеттің даму деңгейін ескере отырып барып, қазақ ғылымын шығаратын болсақ, қазақ халқының жабайы, көшпелі, мәдениеті жоқ дегенге берік тосқауыл қойылады. Сондықтан қазақ тарихын түркі халықтарының тарихымен бірлестіріп қарау – бірден-бір түзу жол. Бұл іс жүзінде әлемдік тарихи үдерістермен сабақтасу деп түсінемін.

– Мазмұнды әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен Сүлеймен МӘМЕТ